

ХАТТАМА № 5

«С.Торайғыров атындағы негізгі орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңесінің отырысы

29.03.2023 ж

Қамысты ауылы

Төрағалық етуші: Айдарханов Ертай

Қатысқан директордың тәрбие

ісі жөніндегі орынбасары: Б.Кабдылмаликова

мүшелері:

Бахытқанова Гүлназ

Досова Сәуле

Кабдилмаликова Акмарал

Кешубаев Медет

Қожахметова Ақерке

Қалкенов Дәулет

Таширова Элмира

Айтышов Аслан

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.2023 – 2024 оқу жылында көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына тегін мектеп формасын және тегін тамақ беру туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Кабдылмаликова қамқоршылық кеңес мүшелеріне көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына 2023 – 2024 оқу жылында тегін форма және бастауыш сынып оқушыларына, сондай – ақ аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына тегін тамақ берілетіні туралы хабарлап айтты. Көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларының және бастауыш сынып оқушыларының тізімімен таныстырды. Тегін мектеп формасына жанұя жағдайы төмен, анасы жұмыссыз, әкесі жоқ 2 сынып оқушысы Салауатұлы Темірланды және әкесі қайтыс болған анасымен тұратын 8 сынып оқушысы Рысбеков Әлижанды тізімге кіргізу жайында айтып өтті. Темірлан екпінді оқушы, тәртібі жақсы, сабақты себепсіз босатпайды. Әлижан сабағы орташа, тәртібі жақсы, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады, сабақтан қалмайтын оқушылардың бірі. 7 сынып оқушысы көп балалы отбасы баласы Самуратов Әділетті тегін тамақ (буфеттік) ұсынып отырмыз.


ЖАРЫССӨЗ:

1. Айдарханов Ертай (қамқоршылық кеңесінің төрағасы) көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларының тізімімен танысып өттік. Тегін мектеп формасына және тамаққа балаларды қамтуымыз керек. Үкімет балаларға қамқорлық жасап жатыр, соны пайдаланып қолдан келген көмегімізді жасауымыз қажет. Өз ұсыныстарыңыз болса айтып өтіңіздер.
2. Қожахметова Ақерке (қамқоршылық кеңесінің мүшесі). Ауыл дәрігер ретінде оқушыларға тамақ берілуі керек. Денсаулықтарының жақсы болғаны бізге жақсы. Танысқан тізіммен келісемін. Дәрігер ретінде балалардың отбасы жағдайымен жақсы таныспын. Салауатұлы Темірлан мен Рысбеков Әлижанды ұсынғандарыңыз дұрыс деп санаймын. Әділет көпбалалы отбасыдан тегін тамақ берілуі дұрыс.
3. Таширова Элмира (қамқоршылық кеңесінің мүшесі) Әрине, мен де келісемін. Тегін мектеп формасына, тегін тамаққа балаларды ұсынамын

ШЕШІМ:


1. 2023 – 2024 оқу жылында берілетін тегін тамақ мектептің бастауыш сынып оқушыларына (15 оқушы) берілсін.
2. Көп балалы отбасы балалары 7 сынып оқушысы Самуратов Әділетке тегін (буфеттік) тамақ берілсін.
3. Тегін мектеп формасы 2 сынып оқушысы Салауатұлы Темірлан мен 8 сынып оқушысы Рысбеков Әлижанға берілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Айдарханов Ертай

Хатшы:



Бахытқанова Гүлназ